

IP-телефондарын сатып алу туралы

№DDC/____-3/____ ШАРТЫ
(Тапсырыс беруші нөмірі/Жеткізуші нөмірі)

2025 жылғы «____» ____
(Тапсырыс берушінің тіркеген күні)

Астана қ.

2025 жылғы «____» ____
(Жеткізуші қол қойған/тіркеген күні)

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, 2025 жылғы 01 тамыздағы №245 Сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасының орынбасары Б.Г.Имажанов арқылы, бір жағынан Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, _____ бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оның ведомстволарының оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 134 -тармағына және IP-телефондарын сатып алудың қорытындысы туралы 2025 жылғы «____» ____хаттамаға сәйкес төмендегілер жайында IP-телефония Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР

1.1.Шартта «Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы басқармасының 2023 жылғы 30 қазандағы №1 шешімімен бекітілген Цифрлық теңге жүйесінің жұмыс істеу Қағидаларында көзделген мынадай ұғымдар пайдаланылады (<https://npck.kz/tsifrovoj-tenge/dt-documents/>):

Тізілім – Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беретін электрондық ақшаны (цифрлық теңгені) таңбалау мақсаттары үшін жоспарланатын төлемдер бойынша деректерді қамтитын құжат;

Дистрибьютер - өндірушімен жасалған шарт негізінде тауарларды кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында өткізу мақсатында оларды сатып алуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ (бұдан әрі – Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру орналастырды және ҚҚС сомасын есепке алмағанда,

Жеткізушіден ____ тенге 00 тиын (____ тенге 00 тиын) сомасына баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Шартқа 1-Қосымшада (бұдан әрі - Техникалық ерекше нұсқама) көзделген мерзімде және талаптарға сәйкес Қызметті көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Қызметті қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың Жалпы сомасы ҚҚС есептегенде _____ тенге __ тиынды (____ тенге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды және _____ тенге __ тиын (____ тенге __ тиын) мөлшерінде Қызмет құнынан және _____ тенге __ тиын (____ тенге __ тиын) мөлшерінде ҚҚС сомасынан тұрады және көбейту жағына қарай өзгертуге жатпайды *(егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті және ҚҚС төлеуші болып табылса қолданылады).*

Шарттың Жалпы сомасы ҚҚС есептемегенде _____ тенге __ тиынды (____ тенге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды және және көбейту жағына қарай өзгертуге жатпайды *(егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті және ҚҚС төлеуші емес болып (немесе Жеткізуші жүзеге асыратын қызметке ҚҚС салынбаса) табылса қолданылады).*

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Қызметтерді көрсетуге байланысты Жеткізушінің барлық шығыстарын қамтиды.

Шарттың Жалпы сомасы ____ (_____) _____ *(төлем жүргізілетін валюта түрі)* (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығы ұсталатын төлем көзін құрайды және көбейту жағына қарай өзгертуге жатқызылмайды. Шарттың жалпы сомасына қызмет көрсетуге байланысты Жеткізушінің барлық шығыстары, оның ішінде сақтандыру, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеу кіреді *(егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болып табылса қолданылады).*

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші осы Шарттың 11-бөлімінде белгіленген тәртіппен цифрлық теңге жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін цифрлық теңгемен Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің шотына Тараптардың уәкілетті тұлғалары қызметтерді қабылдау-өткізу актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және Жеткізуші ЭШФ АЖ порталында төлем шотын (инвойс)/электрондық шот-фактураны ұсынған күндер ішінде цифрлық теңгені Шарттың Жалпы сомасынан 10 (он) жұмыс күні ішінде 100% (жүз пайыз) мөлшерінде аудару жолымен жүзеге асырады.

2.3. Ақша қаражатын цифрлық теңгеден фиат теңгеге айырбастауға байланысты шығыстарды әрбір Тарап дербес көтереді.

2.4. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан

Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған бюджетке төленетін басқада осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарды Шарт талаптарына сәйкес тарапқа қорларды босатуға арналған жүккүжат (бұдан әрі – жүккүжат) бойынша тестілеу өткізілгенге дейін қабылдауға;

2) Шартқа 1-Қосымшаға сәйкес Тауарды жеткізу үшін 4.1-тармақта көрсетілген мекенжай бойынша Жеткізуші қызметкерлерінің кіру рұқсатын қамтамасыз етуге;

3) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлемді уақтылы және толық көлемде жүзеге асыруға **міндеттенеді**.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізуші жеткізген Тауардың сапасы мен саны және орындалған Жұмыстардың сапасына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

2) Тауарды қабылау-өткізу процессінде оның Техникалық ерекше нұсқаманың (Шартқа 1 Қосымша) талаптарына сәйкестігін растау үшін оның сапасы мен санына тексеруді іске асыруға;

3) Актіге қол қойғанға дейін Жеткізушінің өкілдерімен бірге Тауардың тестілеуін өткізуге (қабылдау-тапсыру сынақтары);

4) егерде жеткізілген Тауардан соның ішінде кепілдік мерзімінің ішінде кемшіліктер, сәйкессіздіктер, толық істемеулер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге анықталған кемшіліктер туралы жазбаша дәлелді бас тарту жібере отырып, оларды жоюды немесе Шартта белгіленген мерзімде жаңа, бағасы мен сапасы жағынан ұқсас Тауарға ауыстыруды талап етуге не Тауарды қабылдаудан және оларға ақы төлеуден бас тартуды талап етуге;

5) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

6) Жеткізушіден Шарттың 3.3. тармағының 6) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өзінің қалауы бойынша Шартқа өзгерістер енгізу арқылы Шартты орындау мерзімін ұзартуға;

7) Жеткізушіден тиісті сападағы Тауарды толық көлемде және Шартта көзделген мерзімде жеткізуді талап етуге;

8) Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше көрсетпеген жағдайда Жеткізушіден келтірген зиянды өтеуді талап етуге **құқылы**.

9) Жеткізушіден жоспарланатын төлемдер тізіліміне толық және/немесе растайтын құжаттарды сұратуға;

10) цифрлық теңгені таңбалауды жүзеге асыруға **құқылы**.

3.3. Жеткізуші:

1) техникалық ерекше нұсқаманың (Шартқа 1-Қосымша) талаптарына сәйкес сәйкестік/ шығу сертификаттарын ұсына отырып, Шартта көзделген мерзімде және талаптарды Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша өз есебінен, жүкқұжатпен қоса жаңа (пайдаланылмаған) және үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос Тауарды жеткізуді жүзеге асыруға;

2) Тауар құжаттамасына, Актіге қол қоюға;

3) Тасымалдау мен сақтау кезінде Тауардың толық жеткізілуін және оның кез келген зақымданудан сақталуын қамтамасыз етуге. Орауындағы маркасы тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде талап етілетін стандартты ақпараттық-ескерту жазбаларынан тұруы тиіс.

4) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін жоғалу, бүліну және байқаусызда зақымдалу қауіп-қатеріне жауап беруге;

5) Шартқа 2-Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы Кепілдік міндеттемесін беру арқылы актіге қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;

6) Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарда, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден Тауарда анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тауарды бағасы мен сапасы бойынша (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) ұқсас жаңа Тауарға ауыстыруды өз есебінен жүзеге асыруға;

7) кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне Тауарды тиісінше пайдалану жөнінде ақысыз нұсқау беруге;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауаптылықта болуға;

9) Шартқа 3-Қосымшаға сәйкес нысан бойынша конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға құқылы;

10) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған құпия және басқа ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға міндетті;

11) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге міндетті;

12) кепілдік мерзімі ішінде телефон және электрондық хат алмасу құралдары бойынша консультациялар беруге;

13) Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық да, ішінара да бермеуге міндетті;

14) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауаптылықта болуға;

15) қайта ұйымдастырылған немесе таратылған не Тауарды жеткізуге құқықтары жоғалған жағдайда, Тауарды қайта ұйымдастыру, тарату не беруге құқықтары жоғалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға;

16) Тапсырыс берушіге жоспарланған төлемдер жүргізілгенге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын тізілімді ұсынуға;

17) цифрлық шоттың, оның ішінде дистрибьютерде (бар болса) болуын қамтамасыз етуге **міндетті**.

Жеткізуші:

1) Тапсырыс беруші үшін қолайлы жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге;

2) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметке ақы алуға **құқылы**.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ, ОРНЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды жеткізу ____ (бұдан әрі – жеткізу орны) мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

4.2. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік ____ (____) күннен аспайды.

4.3. Жеткізуші Тауарды жеткізу орнына дейін біртұтас жеткізуді және оның тасымалдау және сақтау кезінде кез келген зақымданудан сақталуын қамтамасыз етуге тиіс қаптамада жеткізуге міндеттенеді.

4.4. Тауар жаңа болуы керек, ол қолданылмады, жөнделмеді, қалпына келтірілмеді, оның құрамдас бөліктері ауыстырылмады, тұтынушылық қасиеттері қалпына келтірілмеді.

4.5. Тауарды қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп Тауарды жеткізу орны бойынша оның Шарт талаптарына, техникалық ерекше нұсқама талаптарына (Шартқа 1-қосымша) сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті тұлғалары жүкқұжатқа қол қояды.

4.6. Жеткізілетін Тауар техникалық ерекше нұсқаманың (Шартқа 1-Қосымша) талаптарына сәйкес келмеген жағдайда немесе оны қабылдау-өткізу барысында Тауарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы ақаулы Тауарды қабылдаудан бас тартады.

4.7. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапасына ұқсас жаңа (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруды жүзеге асырады. Ақаулы Тауарды ауыстырғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары жүкқұжатқа қол қояды.

4.8. Жүккүжатқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп, Тауардың техникалық ерекше нұсқама (Шартқа 1-Қосымша) талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ Тауарды орнатады, күйге келтіреді және Тауарды жұмыс істей алуына тестілеуден өткізеді. Ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, Тауарды тексеруді жүзеге асыру мерзімін ұзартады.

4.9. Тауарды тестілеу кезінде одан ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапасына ұқсас жаңа (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті. Ақаулы Тауарды ауыстырғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

4.10. Жеткізуші ақауы бар Тауарды бағасы және тиісті сапасына ұқсас жаңа (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға Шарттың 4.7. және 4.9-тармағында белгіленген мерзімде ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

Шарттың 4.6, 4.7, 4.9 және 4.10-тармақтарында көзделген жағдайларда Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күні Тауарды өз есебінен өздігінен әкетуді жүзеге асырады. Тапсырыс беруші Жеткізуші алып кетпеген Тауардың сақталуына жауапты болмайды.

4.11. Тауарға меншік құқығы Жеткізушіден Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап ауысады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізушінің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы Кепілдік міндеттемесін ұсыну жолымен (Шартқа 2-Қосымша) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде Жеткізуші Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік берілген мерзім ішінде жеткізілген Тауардан ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге ақаулы Тауардың орналасқан мекенжайын көрсете отырып жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жеткізілген Тауардағы анықталған ақауларды өз есебінен жоюға не ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапаға ұқсас жаңа (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Ақаулы Тауарды әкетуді және Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен мекенжай

бойынша ауыстырылған Тауарды жеткізуді қоса алғанда, ақаулы Тауарды ауыстыруды Жеткізуші өз есебінен жүзеге асырады.

5.3. Ақаулы Тауарды бағасы және сапасы ұқсас жаңа Тауарға ауыстырған жағдайда ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі осындай ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Жеткізуші ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапасы ұқсас жаңа (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған жағдайда) Тауарға Шартта белгіленген мерзімде ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған кезде кепілдік мерзімі шарттың 5.1-тармағында белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұсқан келтірмей Шарт шеңберінде Жеткізушіден өсімпұл өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынадай:

1) Шарттың 4.2-тармағында көзделген тауарды жеткізу мерзімі бұзылған жағдайда-шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл, тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% (он пайыз) аспайды;

2) Шарттың 3.3-тармағының 6) тармақшасында және 4.7, 4.9, 5.3-тармақтарында көзделген мерзімдер бұзылған жағдайда - ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас жаңасына (не жақсартылған Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда) ауыстыру күнін қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерінде өсімпұл тұрақсыздық төлемін төлейді.

6.3. Жеткізуші Тауардағы ақауларды жою не ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда, сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

– Тауарды қабылдау-өткізу және/немесе тестілеу процесінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақаулы Тауар құнынан 20% (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді, бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіге ақаулы Тауарды Жеткізушінің есебінен ақаулы Тауарды қайтару актісі негізінде қайтарады;

– кепілдік мерзімінде – Жеткізуші Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады, сондай-ақ Тапсырыс берушіге ақаулы Тауар құнынан 20% (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге ақы төлеу күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін төленуге тиісті соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Егерде Тараптардың біреуі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жариялаған Тарап басқа Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тараптар екінші бір Тараптан алынған конфиденциалды жария ету салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші ақы төлеу кезінде Жеткізушінің келісімінсіз, өздігінен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

7.КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, Тараптар Шарт талаптарының толығымен және ұсынушы Тарап құпия деп танылған (соның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа адамдар ұсынған ақпараттар) барлық ақпараттың аталған ақпаратты берген Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етуіне болмайтынын таниды:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті болатын шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың (Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар ете отырып) ресми сұрау салулары негізінде жүзеге асырылса.

7.2. Шартты іске асыру мақсатынан басқа жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші жоғарғыда аталған қандай да болмасын құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Құпия ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Тауарды жеткізу үшін тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Жеткізуші осындай бірлесіп орындаушы құпия ақпаратты жария еткен жағдайда Шарт бойынша тартылған бірлесіп орындаушы үшін жауапты болады.

8.ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТЕР (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің; су тасқыны, жер сілкінісі және өзгеде табиғат апаттары, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, азамат соғысы, террорлық актілер, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босаталады. Дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап басқа Тарапқа Шарттың 8.1. тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып олардың басталғаны және тоқтағаны туралы дереу жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпы белгілі болып отырған фактілерді дәлелдеу талап етілмейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, одан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір шығында өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, олар соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажеті шаралардың бәрін қолдануға міндетті.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАР

10.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1. тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйекті емес ақпарат анықталған жағдайда;

3) Тапсырыс беруші сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткенде;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған болса. Мұндай жағдайда Шартты бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

5) Шартты одан әрі орындау орынды болмаған;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда және (немесе) тиісті емес орындаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде анықталған мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.

7) Жеткізуші Тапсырыс берушіге қатысты емес себептер бойынша Шарттың талаптарында көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерін күнтізбелік 5 (бес) күннен артық бұзған;

8) Шартта көзделген басқа да жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

10.4. Егерде Шартта өзгеше көзделмеме, Шарт бір жақты тәртіпте бұзылған жағдайда, оны бұзуға бастама жасаған Тарап басқа Тарапқа бұзудың болжанған күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол мерзім өткеннен Шарт бұзылған деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

11.1. Тараптар осы Шартты орындау шеңберінде міндеттенеді:

1) өз қызметін алаяқтықтың кез келген түрінен абсолютті бас тарту қағидаты, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша жүзеге асыруға және оларды іске асыру үшін әлеуметтік жауапкершілікті өзіне алуға;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын білуге және сақтауға міндетті;

3) екінші Тараптың лауазымды тұлғаларына, өкілдеріне, қызметкерлеріне немесе олардың үлестес тұлғаларына коммерциялық пара беруді жүзеге асырмауға;

4) стандартты емес (қол жетімді емес) мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды: ақшалай қаражатты, қаржы құралдарын, тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеуді, сыйлықтарды, қонақтарды қабылдауға арналған шығыстарды, жеңілдіктерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, оның кез келген өкіліне, қызметкеріне немесе олардың үлестес тұлғаларына жеке немесе басқа Тараптың делдалдары арқылы өнімдерге жеңілдіктерді, қайырымдылық жарналар немесе демеушілік көмектерді бермеуге;

5) Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және алдын алу мәселелері бойынша екінші Тарапқа жәрдем көрсетуге міндетті;

6) басқа Тараптан, оның өкілдерінен, қызметкерлерінен бопсалаудың немесе заңсыз талаптардың барлық фактілері туралы келесі байланыс арналары арқылы хабарлауға:

Жеткізіп беруші: _____

Тапсырыс беруші: +7 (727) 258-49-58 (ішкі. 5041), хабарламалар Samat.Kazantayev@bsbnb.kz немесе жазбаша түрде: Қазақстан Республикасы, А25D6H8, Астана қ, Мәңгілік Ел даңғылы 57А ғимараты, 4 қабат, 0406/2 каб. (немесе www.ddcnb.kz/) интернет-ресурста көрсетілген өзге де байланыстарға).

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың Шарт бойынша соның ішінде, кепілді өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. МАҢЫЗДЫ ТАЛАПТАР

13.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы басқармасының 2023 жылғы 30 қазандағы №1 шешімімен бекітілген, Цифрлық теңге жүйесінің жұмыс істеу Қағидаларына сәйкес, Жүйенің Агенттері болып табылатын банкте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда немесе Ұлттық пошта операторында Жүйеде цифрлық шот ашуды қамтамасыз етеді.

13.2. Жеткізуші Шарт шеңберінде Тапсырыс берушіге жоспарланатын төлемдер жүргізілгенге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Шарт бойынша Қызметтер үшін төленуге жататын цифрлық теңгені таңбалау мақсаттары үшін Шартқа 3-Қосымшаға сәйкес жоспарланатын төлемдер бойынша деректер арқылы тізілім (бұдан әрі - Тізілім) ұсынуды қамтамасыз етеді.

13.3. Актіге және ЭШФ үзінді көшірмесіне қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төленуге жататын цифрлық теңгені Тізілімде көрсетілген Жеткізуші мен дистрибьютордың деректемелерімен (бар болса) таңбалайды және таңбаланған Цифрлық теңгені Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген цифрлық шотына аудару жолымен көрсетілетін қызметтер үшін төлемді жүзеге асырады.

13.4. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер үшін Жеткізушіге төленген таңбаланған электрондық ақшаны (цифрлық теңгені) одан әрі пайдалану Тізілімде көрсетілген деректемелерге сәйкес келген кезде Жеткізуші мен дистрибьюторға (бар болса) қолжетімді болады.

14. ШАРТТЫҢ ТІЛІ

14.1. Шарт заңдық күші бірдей 2 (екі) мемлекеттік және 2 (екі) орыс тілінде 4 (төрт) дана етіп жасалды.

15. БАСҚАДА ТАЛАПТАР

15.4. Шарттың Қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады.

15.1. Тараптар Шарттың қандай да бір талаптары, олардың қандайда бір құқықтары мен мүдделері болмасын, шек қоюшы немесе шектеу ретінде саналмайтына келісімді.

15.2. Шартқа сәйкес бір Тараптың екінші Тарапқа жіберетін хат, телеграмма, телекс немесе факс түріндегі кез-келген хабарламасы кейіннен түпнұсқасын ұсыну арқылы жіберіледі. Хабарлама жеткізілген уақыттан немесе онда көрсетілген күшіне енген күнінен (егер хабарламада көрсетілсе), олардың қай күні кешірек болғанға байланысты сол күннен бастап күшіне енеді.

16. МЕСТА НАХОЖДЕНИЯ И РЕКВИЗИТЫ СТОРОН

Тапсырыс беруші

Жеткізуші

«Қазақстан Ұлттық Банкінің

Цифрлық даму орталығы» АҚ

Заңды мекенжайы: ҚР, Z05T8F6

Астана қ, Мәңгілік Ел даңғылы 57А

Нақты мекенжайы: A25D6H8,

Алматы қ, Достық даңғылы 136

«Банк ЦентрКредит»АҚ-дағы

ЖСК KZ63 8560 0000 0046 0288

БСК KCJBKZKX

БСН 960 440 000 538, Бек 16

Сандық әмиян (криптографиялық

қорғалған қоғамдық мекен-жай):

ec93c3c8bd640c60a4a297465e9f124ff

cf2bedd9830185ec09dfbf782486e25.2

8301f62284853cf65500687a7d7f7397f

4375e472410a7aba21bb69c3a06e28

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

Б.Г.Имажанов

М.О.

М.О.

2025 жылғы «_____» _____
(Тапсырыс берушінің тіркеу күні)

2025 жылғы «_____» _____
(Жеткізушінің қол қою/тіркеу күні)

№ DDC/ _____ 3 / _____ Шартқа
(Тапсырыс беруші нөмірі)(Жеткізуші нөмірі)

1-Қосымша

**Сатып алынатын IP- телефондардың
техникалық ерекше нұсқамасы**

Тауардың атауы	
Тауарлардың саны, дана	
Талаптар	
Жеткізу мерзімі	
Жеткізу орны	
Кепілдік	
Төлем формасы	

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

_____ Б.Г.Имажанов
М.О.

М.О.

2025 жылғы «_____» _____
(Тапсырыс берушінің тіркеу күні)

2025 жылғы «_____» _____
(Жеткізушінің қол қою/тіркеу күні)

№ DDC/ _____ 3 / _____ Шартқа
(Тапсырыс беруші нөмірі)(Жеткізуші нөмірі)

2-Қосымша

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕ

Осы Кепілдік міндеттемеге сәйкес _____ (бұдан әрі - Жеткізуші) № _____ Шарты (бұдан әрі – Шарт) бойынша кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауардан кемшіліктер, сәйкессіздіктер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда Тауарды тиісті сападағы және бағасы ұқсас (немесе Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде ауыстыруға «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» АҚ-на (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) кепілдік береді.

Ақаулы Тауарды тиісті сападағы және бағасы ұқсас (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыру мерзімі бұзылған жағдайда кепілдік кезеңі ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тауарды ауыстыру күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл кепілдік береді.

Жеткізуші ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапасы ұқсас жаңа (не Тапсырыс беруші үшін қолайлы болған жағдайда жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Шарт бойынша кепілдік мерзімі ішінде: Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады, сондай-ақ Тапсырыс берушіге ауыстыруға жататын Тауар құнының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

Осы кепілдік міндеттеме уәкілетті тұлғалардың Жеткізушіден және Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Тауарды қабылдау-беру Актісіне қол қойған күнінен бастап _____ (_____) ай ішінде қолданылады.

қолы

м.о.

Жеткізуші басшысының Т.А.Ө.

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

Б.Г.Имажанов
М.О.

М.О.

2025 жылғы «___» _____
(Тапсырыс берушінің тіркеу күні)

2025 жылғы «___» _____
(Жеткізушінің қол қою/тіркеу күні)

№ DDC/ 3 / _____ Шартқа
(Тапсырыс беруші нөмірі)(Жеткізуші нөмірі)

3-Қосымша

Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Цифрлық даму орталығы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, 2025 жылғы 01 тамыздағы №245 Сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасының орынбасары Б.Г.Имажанов арқылы, бір жағынан Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, _____ бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, _____ № _____ сатып алу Шарты бойынша (бұдан әрі – Шарт) Тараптар бір-біріне ұсынған конфиденциалды ақпаратты жария етпеу және қорғау мақсатында осы Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) төмендегілер туралы жасасты.

Келісімде пайдаланылатын ұғымдар

Келісімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Жария етуші тарап – Конфиденциалды ақпараттың меншік иесі не иесі болып табылатын және Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мақсаттары үшін Қабылдаушы тарапқа Конфиденциалды ақпаратты ұсынатын Тарап;

Қабылдаушы тарап – Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мақсатында пайдалану үшін Келісімде көзделген тәртіппен және талаптарда Жария етуші тараптан Конфиденциалды ақпаратты алушы немесе осындай ақпаратқа қол жеткізе алатын Тарап;

Конфиденциалды ақпарат – Тараптардың және олардың Үлестес тұлғаларына қатысты кез келген деректерді, оның ішінде қаржылық, экономикалық, маркетингтік, жоспарлы, техникалық, өндірістік, заңды сипаттағы ақпаратты, сондай-ақ шектеусіз адамдар тобының кеңінен таратуына және (немесе) пайдалануына арналмаған Үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан, оның иесі немесе ұстаушысы үшін жарамды және әлеуетті құндылығы бар кез келген өзге де ақпаратты білдіреді. Конфиденциалды ақпаратқа Келісімнің талаптары, сондай-ақ қолжетімділігі Тапсырыс берушінің құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және талаптарда берілетін қорғалатын ақпарат жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік құпияларға және (немесе) заңдармен қорғалатын құпияларға жатқызылған мәліметтер, қолжетімділігі

шектеулі дербес деректер, сондай-ақ «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпаратты Тараптар өз арасында алмаса алмайды.

Конфиденциалды ақпаратты жария ету – Қабылдаушы тараптың рұқсат етілмеген іс-әрекеттері, соның нәтижесінде Үшінші тұлғалар Конфиденциалды ақпаратқа Жария етуші тараптан алынған кез келген нысанда қол жеткізе алады. Сондай-ақ Қабылдаушы тараптың Жария етуші тараптан алынған Конфиденциалды ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етпегенін білдірген және Үшінші тұлғалар тарапынан осындай ақпаратқа қол жеткізуге әкеп соққан әрекетсіздігі де Конфиденциалды ақпаратты тарату деп танылады.

Үшінші тұлғалар-шарт бойынша тарап болып табылмайтын заңды тұлғалар, сондай-ақ өнім беруші Шарт бойынша қызмет көрсету үшін тартпаған кез келген жеке тұлғалар

Үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) Тараптар қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (Үлестес тұлғалардың қызметіне қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда).

1. Келісімнің мәні

1.1. Келісім Тараптардың бір-біріне Конфиденциалды ақпаратты беру талаптарын, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау шеңберінде Конфиденциалды ақпаратты пайдалану талаптарын айқындайды.

1.2. Конфиденциалды ақпаратты беруді Жария етуші тарап Қабылдаушы тарапқа Конфиденциалды ақпаратты қағаз не электрондық тасымалдағышта беру жолымен, сондай-ақ берілетін ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Конфиденциалды ақпаратты Жария етуші тараптың беру фактісін және осындай ақпаратты Қабылдаушы тараптың алу фактісін растауға мүмкіндік беретін Тараптар келіскен кез келген өзге де ақпарат беру тәсілімен жүзеге асырады.

Қағаз тасымалдағышта «Конфиденциалды» белгісін қоймай Конфиденциалды ақпаратты жөнелту кезінде ашық байланыс арналарын, сыртқы электрондық поштаны, пошта жөнелтілімдерін пайдалануға тыйым салынады.

1.3. Келісімге сәйкес қорғалуға және жария етілмеуге жататын Конфиденциалды ақпаратқа мынадай:

1) беру сәтінде Қабылдаушы тарап жария ету көзін көрсете алатын жағдайда, Қабылдаушы тарап қандай да бір Келісім бойынша міндеттемені бұзбай жалпыға белгілі болған немесе кейіннен Қабылдаушы тарапқа жария болған немесе

2) оны Қабылдаушы тарапқа беру сәтінде Қабылдаушы тараптың қарамағында болған және ол осы ақпаратты құпия сақтау міндеттемесі туындамай алған және Қабылдаушы тарап мұны дәлелдей алған немесе

3) Үшінші тұлғалардан құпиялылық туралы қандай да бір белгілі міндеттемесіз заңды негізде алынған болса немесе

4) Тапсырушы тарап жария ету үшін жазбаша мақұлдаған ақпараттар жатпайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Әрбір Тарап Конфиденциалды ақпарат жария болып табылмайтынын мойындайды және:

1) алынған барлық Конфиденциалды ақпаратты қатаң конфиденциалдық талаптарда сақтауға;

2) алынған Конфиденциалды ақпаратты Үшінші тұлғаларға ашпауға, қандай да бір тәсілмен немесе қандай да бір нысанда және қандай да бір мақсатта ұсынбауға (бермеуге) (Келісімнің осы бөліміне сәйкес осындай ақпаратты рұқсат етілген жария ету жағдайларын қоспағанда);

3) Конфиденциалды ақпаратты Келісімнің кіріспесінде көрсетілгеннен басқа қандай да бір мақсаттарда пайдаланбауға;

4) Конфиденциалдықты сақтауға және Конфиденциалды ақпаратты ашуды болдырмауға мүмкіндік беретін барлық қажетті шараларды, сондай-ақ оның осындай маңыздағы өзінің Конфиденциалды ақпаратына қатысты қабылданатын шараларды қоса алғанда, қабылдауға;

5) Конфиденциалды ақпаратты тек Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін тартылған тұлғаларға (қызметкерлерге, Тараптардың Үлестес тұлғаларына және олардың қызметкерлеріне), сондай-ақ оны білуі қажет Келісімнің 2.3-тармағында көрсетілген және Жария етпеу туралы міндеттемеге қол қою жолымен Конфиденциалды ақпаратты жарияламау жөнінде өзіне міндеттеме қабылдаған тұлғаларға жария етуге;

6) екінші Тарапқа конфиденциалдықты сақтауға қауіп төндіретін кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ Қабылдаушы тарапқа белгілі болған Конфиденциалды ақпаратты жария ету/жылыстату фактілері туралы дереу хабарлауға міндеттенеді.

2.2. Тараптар Конфиденциалды ақпаратты Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажет болған жағдайларда және осындай тұлғалар Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қойғаннан кейін ғана өз қызметкерлеріне, Үлестес тұлғаларға және олардың қызметкерлеріне жария етуге құқылы. Бұл ретте Тараптар мұндай адамдардың әрекеттері үшін өз әрекеті сияқты жауапты болады.

2.3. Конфиденциалды ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде осындай ақпаратты сұратуға уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынған жағдайларда Тарап Конфиденциалды ақпаратты жария еткені үшін жауапты болмайды.

2.4. Келісімнің осы бөлімінде көрсетілгендерден басқа барлық өзге жағдайларда Тараптар Конфиденциалды ақпаратты Үшінші тұлғаларға осындай ашуға екінші Тараптан жазбаша келісім алғаннан кейін ғана ашуға құқылы.

2.5. Егер Тарап Келісімнің 2.3-тармағына сәйкес Конфиденциалды ақпаратты заңды тәртіппен жария етуге мәжбүр болса, Тарап дереу және тиісті талап орындалғанға дейін бұл туралы екінші Тарапты хабардар етеді, ал екінші Тарап өз есебінен Конфиденциалды ақпаратты жария етуді болдырмау жөнінде кез келген шараларды қабылдауға құқылы. Күмәннің болмауы үшін Келісімнің осы бөлімінің ережелеріне сәйкес Тараптардың бірі тиісті Конфиденциалды ақпаратты заңды тәртіппен ашуға мәжбүр болғанға дейін ешқандай Конфиденциалды ақпарат жария етілмейді.

2.6. Қабылдаушы тарап Жария етуші тараптың сұратуы бойынша Жария етуші тарапқа немесе оның уәкілетті өкілдеріне Қабылдаушы Тарап, сондай-ақ Келісімнің 2.2-тармағында көрсетілген тұлғалар алған Конфиденциалды ақпаратты қамтитын құжаттардың, материалдар мен өзге де тасымалдағыштардың барлық түпнұсқалары мен көшірмелерін қайтаруға міндеттенеді не Жария етуші Тараппен келісім бойынша оларды өз бетінше жоюға міндеттенеді.

3. Конфиденциалды ақпаратты қайтару

3.1. Мұндай ақпарат ауызша берілген жағдайларды қоспағанда, Конфиденциалды ақпаратты қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде не тараптар өзара қолайлы және келіскен кез келген басқа нысанда Қабылдаушы тарап материалдық нысанда бар барлық Конфиденциалды ақпаратты (шектеусіз кез келген тасымалдағыштардағы Конфиденциалды ақпаратты қоса алғанда) қайтаруға немесе Жария етуші тараптың келісімі болған кезде жоюға тиіс Қабылдаушы Тарапқа берілген кез келген тасымалдағышта қамтылған ақпарат оның кез келген көшірмелерімен немесе үзінділерімен бірге, құпия ақпаратты жою актісін ресімдей отырып, оның бір данасы Жария етуші тарапқа беріледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Қабылдаушы тарап Келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.2. Конфиденциалды ақпаратты жария етуде немесе оны рұқсатсыз пайдалануда Қабылдаушы тараптың кінәсі анықталған жағдайда, Жария етуші тарап Келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді бұзу нәтижесінде туындаған келтірілген нақты залалды өтеуге құқылы.

4.3. Қабылдаушы тарап егер Конфиденциалды ақпарат:

- 1) Жария етуші тараптың жазбаша келісімімен жария етілсе;
- 2) Келісімде көзделген Ақпараттың Конфиденциалдығын сақтау туралы міндеттемені Қабылдаушы тарап бұзбай жалпыға бірдей қолжетімді болып табылса немесе болса;
- 3) Жария етуші тараптан алғанға дейін Қабылдаушы тарапқа белгілі болған (бұл туралы Жария етуші тарапқа міндетті түрде хабарланған

жағдайда) және оны Қабылдаушы тарапқа Конфиденциалды ақпарат ретінде бергенге дейін жарияласа жауапкершіліктен босатылады.

5. Қолданылатын құқық және дауларды шешу

5.1. Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5.2. Келісімді орындауға байланысты туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді.

5.3. Тараптар келіссөздер жолымен келісім мен өзара қолайлы шешімдерге қол жеткізбеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

6. Келісімнің қолданылу мерзімі

6.1. Келісім оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың қолданылу мерзімі немесе Шартты бұзу күні өткен күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

6.2. Конфиденциалды ақпаратты қабылдау және беру Конфиденциалды ақпаратты қабылдау-өткізу актісі бойынша не осындай ақпарат ауызша берілген жағдайларды қоспағанда, Тараптарға өзара қолайлы және келісілген кез келген басқа нысанда жүзеге асырылады.

7. Басқа да ережелер

7.1. Келісім екі Тарап үшін де, олардың құқықтық мұрагерлері үшін де міндетті болып табылады.

7.2. Келісімге кез келген түзетулер, өзгерістер, егер олар жазбаша түрде ресімделмесе және Келісімге әрбір Тараптың тиісті түрде уәкілетті өкілдері қол қоймаса, жарамсыз болады.

7.3. Тараптардың ешқайсысының екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз Келісім бойынша қандай да бір құқықтар мен міндеттерді Үшінші тұлғаларға беруге немесе тапсыруға құқығы жоқ.

7.4. Келісімге сәйкес немесе оған байланысты Тараптар бір-біріне жіберетін барлық хабарламалар мен хабарлар жазбаша нысанда жасалуға, тапсырыс хатпен берілуге, курьер (қолма-қол) арқылы жеткізілуге немесе мынадай мекенжайлар бойынша электрондық пошта арқылы жіберілуге тиіс:

Жеткізуші Байланысатын тұлға: Электрондық мекенжайлар:	Тапсырыс беруші Байланысатын тұлғалары Электрондық мекенжайлар:
--	---

Конфиденциалды ақпарат алмасу барысында Тараптарға жария/бөгде интернет сервистерін, пошта сервистерін, файл алмастырғыштарды, мессенджерлерді, веб-сервистерді және басқаларды пайдалануға, сондай-ақ Келісімнің осы тармағында көрсетілген мекенжайларды қоспағанда,

Конфиденциалды ақпаратты басқа электрондық пошта мекенжайларына жіберуге жол берілмейді.

7.5.Тараптар арасында Конфиденциалды ақпаратты беру алмалы-салмалы электрондық ақпарат тасығыштармен, Келісімнің 7.4-тармағында көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына жіберу арқылы Тараптар арасындағы келіссөздерде ауызша немесе көзбен шолып жүзеге асырылады.

Қабылдаушы тараптың Жария етуші тарапқа Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті Конфиденциалды ақпаратты (құжаттаманы) беру туралы сұратуларды жіберуі Келісімнің 7.4-тармағына сәйкес электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

Тараптардың әрқайсысы Конфиденциалды ақпаратты электрондық байланыс құралдары арқылы жөнелткенге дейін онда зиянды бағдарламалық қамтамасыз етудің жоқтығын тексеру үшін рәсімдерді қолдануға міндетті.

7.6.Конфиденциалды ақпаратты беру кезінде Тараптар құрылатын архивке құпия сөзді міндетті түрде қоя отырып, WinRar немесе WinZip бағдарламалары арқылы берілетін ақпаратты шифрлау немесе архивтей отырып, оны қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте құрылатын архивтің құпия сөзі мен форматына қойылатын мынадай:

1) RAR/ZIP архивінің форматы;

2) құпия сөздің ұзындығы кемінде 14 символдан тұру, құпия сөз міндетті түрде символдардың кемінде 4 (төрт) түрінен (жоғарғы тіркелімдегі латын әріптері, төменгі тіркелімдегі латын әріптері, цифрлар және басқа да арнайы символдар) тұру;

3) құпия сөз қандай да бір мағыналық жүктемені көтермеу;

4) пайдаланылатын құпия сөздерді келісу осы құпия сөздерді пайдаланатын Тапсырыс беруші мен Жеткізуші өкілдерінің жеке кездесуі кезінде жүргізу;

5) Тараптардың өкілдері архивтерден құпия сөздерді жарияламау талаптарын сақтауы қажет.

7.7. Конфиденциалды ақпарат Жария етуші тараптың меншігі болып қала береді. Келісім немесе Конфиденциалды ақпаратты ашу фактісі Қабылдаушы тарапқа Конфиденциалды ақпаратқа қандай да бір құқықтардың ауысуын білдірмейді.

7.8. Тараптар Келісім бойынша өз атынан әрекет ететініне кепілдік береді.

7.9. Келісім бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан 2 (екеуі) қазақ және 2 (екеуі) орыс тілдерінде 4 (төрт) данада жасалды.

Тапсырыс берушінің атынан

Жеткізушінің атынан

Б.Г.Имажанов
М.О.

М.О.

2025 жылғы «___» _____
(Тапсырыс берушінің тіркеу күні)

2025 жылғы «___» _____
(Жеткізушінің қол қою/тіркеу күні)

№ DDC/ 3 / _____ Шартқа
(Тапсырыс беруші нөмірі)(Жеткізуші нөмірі)

4-Қосымша

Тауарды қабылдау-өткізу
АКТІСІ

Астана қ.

2025 жылғы «___» _____

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____, арқылы, бір жағынан Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, _____ бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ арқылы, екінші жағынан 2025 жылғы «___» _____ № _____ баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен сатып алу қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, осы Тауарларды қабылдау-өткізу актісін жасады, онда Жеткізуші өткізеді, ал Тапсырыс берушінің өкілі төменде көрсетілген Тауарларды қабылдады.

Кезек №	Тауардың қысқаша сипаттамасы (сипаттамасы)	Саны	Құны, теңге (ҚҚС-сыз)	Барлығы, тең (ҚҚС-сыз)
1	2	3	4	5
1	IP-телефон	2		
БАРЛЫҒЫ:				
ҚҚС СОМАСЫ				
ҚҚС-мен барлығы				

Тауар уақытында және толық жеткізілген болып саналады.
Актіге Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей күші бар екі данада қол қойылды.

Тапсырыс беруші атынан

_____/_____/

Жеткізуші атынан

_____/_____/

Қабылдады:

_____/_____/_____
«___» _____ 202__ ж.

Тапсырды:

_____/_____/_____
«___» _____ 202__ ж.

Осы арқылы Тауардың сапасы мен сыртқы түрі Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамаларының белгіленген талаптарына толық сәйкес келетінін растаймын. Тауарлар тапсырысқа сәйкес толық көлемде алынды. _____/_____/_____
«___» _____ 202__ ж.